Ақмола облысы дене шынықтыру және спорт басқармасы
«Бөгенбай батыр атындағы олимпиада резервінің облыстық мамандандырылған мектеп-интернат-колледжі» КММ

БЕКІТЕМІН
Бөгенбай батыр атындағы
ООРММИК директоры
__________ Е.Жапаров
«____» __________ 2022ж.

**Пән/модуль/өндірістік оқыту мен кәсіптік практика бойынша оқу жұмысбағдарламасы**

**Рабочая учебная программа по дисциплине/ модулю/производственному обучению и профессиональной практике**

**Мәдениеттану**

(модуль немесе пән атауы) / (наименование модуля или дисциплины)

Мамандық: 01140500 - " Дене тәрбиесі және спорт "
Специальность: (коды және атауы) / (код и наименование)

Біліктілік: 4S1140503 – " Спорт жаттықтырушысы-оқытушы "
Квалификация: (коды және атауы) / (код и наименование)

Оқыту нысаны: күндізгі жалпы орта білім базасында
Форма обучения: очная на базе общего среднего образования

Жалпы сағат саны: 39 ,
Общее количество часов:

Әзірлеуші (-лер) Э.Ермаханова ______ __________
Разработчик (-и) Т.А.Ә. (болған жағдайда) (колы) / (подпись)
Ф.И.О. (при наличии)

## 1.Түсіндірме жазба

Оқу үлгілік оқу бағдарламасы Мемлекттік жалпыға техникалық және кәсіптік білім беру стандартына (ПП РК №1080 от 23.08.12) сай әзірленген.

Бұл «Мәдениеттану» пәні бойынша әзірленген үлгілік оқу бағдарламасы пәннің мазмұны мен мамандарды даярлау деңгейіне қойылатын мемлекеттік талаптарды іске асыруға арналған.

Үлгілік оқу бағдарламасын іске асыру барысында барлық мамандықтар бойынша Қазақстан Республикасының Мемлекеттік жалпыға бірдей білім стандартына сәйкес өту қарастырылған.

Пәннің мақсаты мен мазмұны – мәдениеттану ілімінің қоғамдағы орны мен рөлін, оның теориялық негіздері мен әлемдік озық үлгілерін, қазақ халқының бай мәдени мұрасын оқып үйрену арқылы білім алушылардың білімдік дағдыларын дамыту болып табылады. Мәдениеттану ғылымы бойынша қалыптасқан құндылықтарды жаңа заман талабына сай айқындау, бүкіләлемдік өркениет пен мәдениеттің жетістіктеріне қазақ халқының дәстүрлі мәдениетінің қосқан үлесін көрсету, этномәдениеттің типтік ерекшеліктерін анықтау, көне мәдениет белгілерін қайта жаңғырту мәселелері қарастырылады.

Техникалық және кәсіптік білімнің жұмыс оқу бағдарламасын жазу барысында білім беру ұйымы оқу бағдарламасының мазмұнын өзгертуге құқылы:

- кәсіптік оқу бағдарламасын меңгерту берілген уақытын сақтай отырып мамандықтың түріне қарай оқытудың бағдарлама көлемін 25% өзгертуге:
- қазіргі заманғы оқу технологиясының түрлерін және оқыту процесін бақылаудың формаларын, әдістерін пайдалану:
- бөлімдер мен тақырыптар бойынша оқу уақытының жалпы сағат көлемін бөлу:
- бағдарлама материалын меңгеру барысында оның жүйелілігіне өзгерістер жасау нақты дәлелдікті қажет етеді.

Осы бағдарламаны қолдану барысында оқу – әдістемелік құралдары мен оқулықтарға қосымша видеоматериалдар, аудиожазбалар, электронды оқулықтар пайдалану ұсынылады.

## 2. Пәнді оқытудағы жоспарланған нәтижелер

| **Үлгілік оқу жоспарлары мен білім беретін оқу бағдарламаларында жоспарланған құзыреттер** | **Үлгілік оқу бағдарламасы бойынша білім беру** |
|---|---|
| Білім алушылар төмендегідей құзыреттерді меңгеруі қажет;<br><br>БҚ 1. Рухани құндылықтар мен адамгершілік құлықтың ізгілік ережелер жиынтығын танып түсініп негізге алуды | Пәнді оқыту нәтижесінде білім алушылар біледі;<br><br>- Қазақстандық отаншылдықты қалыптсатыратын рухани құндылықтардың нормаларын;<br><br>- Қазақстан Республикасының тарихына, мәдени мұраларына және құқықтық тәртіпке құрметпен карауды<br><br>**меңгереді;**<br><br>-азамат ретіндегі белсенділігін және төзімділікті қалыптастыратын құндылықтар мен нормаларды сараптау;<br><br>-мемлекеттік және ана тілін меңгеруге, Қазақстан мемлекетінің аумағында тұратын халықтардың баска да этностардың құндылықтарын, мәдениеті мен дәстүрін салыстырмалы түрде қарастыра отырып құрметпен қарау.<br><br>**Дағды қалыптастырады;**<br><br>-мәдениеттің әртүрлі даму кезеңдеріндегі нормалар мен жалпы адамилық құндылыктарды саралай білу;<br><br>- әлеуметтік ортаның ерекшелігін , діни ағымдарды, идеологияны дұрыс бағытта қабылдап құқыкқа карсы әрекеттерді ажырата білу.<br><br>**құзыреті;**<br><br>-жалпы адамзаттық құндылыктар мен нормаларды сараптап талдау. |

| | |
|---|---|
| БҚ 2. Әр түрлі сәттердегі қиындықтың шешімін таба біліп, білім деңгейін көтеру | **біледі;**<br>-Қазақстандағы көпұлттылықтың себептерін, түрлі тарихи кезеңдердегі ұлтаралық қатынас саясатының және демографиялық жағдайлардың мәнін ашып көрсете алуды<br>**меңгереді;**<br>-жеке азамат ретінде қоғамдағы құбылыстарға сын көзбен қарап белсенді көзқарас білдіру;<br>-азаматтық жауапкершілік пен жоғары патриоттық сезім және Отанды қорғау мен оған қызмет ету.<br>**дағды қалыптастырады;**<br>-елді дамытудағы қысқа және ұзақ мерзімдік бағдарламаларын талдау білу;<br>-қазіргі Қазақстандағы орын алған қиындықтар мен келеңсіз мәселелерге сай өз пікірін білдіру.<br>**құзыретті;**<br>-қолданыстағы мемлекеттік бағдарламаны талдау;<br>-мерзімді баспасөз материалдарын күнделікті оқу үдерісінде пайдалана білуді меңгеру. |
| БҚ 3. Ауызша және жазбаша тілдесу тәсілдерін игеру. | **біледі**;<br>-кітапханалардағы қажетті материалдар, каталог-карточкалар, мұражайлардағы мұрағаттар бойынша өз бетімен жұмыс істеп, оны күнделікті сабақтарда пайдалана алу.<br>**меңгереді;**<br>-тариха шығармалар жазу және оқиғаларға |

| | |
|---|---|
| | Пікірталас кезінде өз пікірін қорғап сақтай білу<br>-пікірталас жүргізу.<br>**құзыретті;**<br>- оқулықтың мазмұнын, тақырыптарын талдау, мәтінге сай жоспар жасау. |
| БҚ 4. Электронды пошта ,ғаламтормен жұмыс жасау және ондағы мәліметтерге талдау жасау қабілетін игеру, сақтап алып ақпаратты қолдануды дамыту. | **біледі**;<br>-мәліметтер жиыстырудың компьютерлік әдісі мен ғаламтордан қажетті мәліметті іздестіру;<br>- электронды оқу құралдарымен жұмыс істеудің негізін қалау.<br>**меңгереді;**<br>-өз бетімен білім алу және өзін-өзі жетілдіру;<br>-ғаламтордан мәліметтерді салыстыра отырып қажетті деген нақты ақпаратты игеру.<br>**дағды қалыптастырады;**<br>-тарихты оқытудағы қолжетімді құралдарды қолдана алу<br>-іздестіру, сақтау, тарихи мәліметтерді талдау<br>-тақырыптарға тарихи тұлғаларға сай слайд-шоу жасау;<br>**құзыретті;**<br>-қазіргі ақпараттық-коммуникативті технологияларды қолдану<br>-жоғары коммуникативтік қабілеттілік пен көптілді мәдениеттілікті қолдана білуге<br>-тарихи оқиғалар мен фактілердің хронологиялық және синхрондық кестелерін жасауға |

| | |
|---|---|
| | -жекелеген тақырыптарды меңгеру барысында компьютерді қолдану. |
| Кәсіби құзыреттілік<br>ҚҚ 3.2.1. Мәдени процестер, құбылыстар мен оқиғалардың маңызын түсіне білу. | **біледі**;<br>-Қазақстан мәдениетінің тұтастығы мен жүйелілігін айқындайтын процестерді, фактілер мен оқиғаларды;<br>-қазақ халқының антропологиялық типін және тілдік сипатын;<br>**дағды қалыптастырады;**<br>-мәдени ақпаратты талдау;<br>-қазақ халқының шығу тегін, этникалық тарихын, даму, қалыптастыру үдерісін ашып көрсете алу;<br>**құзыретті;**<br>-әртүрлі бағыттағы мәдени ақпараттар іздестіру;<br>-дебат әдісі бойынша тақырыпқа сай мәлімет жинап қолдану. |
| ҚҚ 3.2.5 Мәдени процестерге талдау жасау әдістерін игеру. | **біледі**;<br>-археологиялық деректерге сүйене отырып оқиғаларды сараптау жасау;<br>-ақын-жыраулар шығармаларын тарихи процестердің ақиқатын аңғарып, талдап өз пікірін білдіру;<br>-саяси процестермен оқиғаларға сипаттама жасау;<br>**меңгереді;**<br>-ел билеу саясатының түрлері мен жүйесін анықтап меңгеріп саралау;<br>**дағды қалыптастырады;**<br>-Мәдениеттану тарихын меңгеруде қайталау, мәтінге өздігінен жоспар жасап бір жүйеге келтіру; |

| | |
|---|---|
| | - оқиғаның негізгі бағыты мен түйінін табу, қорытынды жасау әдіс тәсілдерін қолдану.<br><br>**құзыретті;**<br><br>-алдына қойылған мақсатқа тәсілдер, таңдау, іріктеу. |
| ҚҚ 3.2.7. Мәдени типтер арасындағы байланыстардың себеп – салдарын анықтай білуге; | **біледі**;<br><br>-қазіргі қазақ мәдениетінің типтерін;<br><br>-діни типология және дүниежүзілік діндердің мәдениеттің дамуындағы алатын орны;<br><br>-әлемдік және дәстүрлә діндердің тарихы;<br><br>**білетіні**;<br><br>-ҚР әлемдік өрениетте алатын орны;<br><br>**дағды қалыптастырады;**<br><br>-діни сенімдерінің еркіндігі;<br><br>-қабілеттерін қалыптастыруға және алған білімін өмірде пайдалана алуға;<br><br>**құзыретті;**<br><br>-қоғамдық саяси лексикаға сай ақпаратты бір жүйеге келтіру; |

## 3. Пәннің тақырыптық жоспары және мазмұны
## 3.1 Пәннің тақырыптық жоспары

| № | Бөлімдер мен тақырыптар атауы | Семестр Бақылау формасы | Оқу сағатының саны | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | барлығы | Теориялық | Практикалық |
| | | **2 семестр** | **39** | **39** | **-** |
| 1 | 1. Кіріспе. Мәдениет туралы түсінік | | 2 | 2 | - |
| 2 | 2. Ежелгі Мысыр | | 2 | 2 | - |
| 3 | 2.1 Ежелгі Месопотамия | | 2 | 2 | - |
| 4 | 2.3. Ежелгі Қытай | | 2 | 2 | - |
| 5 | 2.4. Ежелгі Грекия | | 2 | 2 | - |
| 6 | 2.5. Ежелгі Рим | | 2 | 2 | - |
| 7 | 3. Қайта өрлеу мәдениеті | | 2 | 2 | - |
| 8 | 3.1. 14-16 ғасырлар мәдениеті | | 2 | 2 | - |
| 9 | 3.2.Орта Азия мен Иранның мәдениеті | | 2 | 2 | - |
| 10 | 4. Жаңа заман мәдениеті | | 2 | 2 | - |
| 11 | 5. Алғашқы қауымдық құрылыс тұсындағы мәдениет | | 2 | 2 | |
| 12 | 6. Қазақстан аумағындағы ежелгі тайпалар | | 2 | 2 | - |
| 13 | 6.1. Сақтар. Ғұндар. Үйсіндер. Қаңлылар | | 2 | 2 | - |
| 14 | 6.2. Аң стилі | | 2 | 2 | - |
| 15 | 6.3. Сақтардың, ғұндардың, үйсін-қаңлылардың наным-сенімдері | | 2 | 2 | - |
| 16 | 7. 5- 12 ғасырлардағы ерте феодалдық мемлекеттердің мәдениеті | | 2 | 2 | - |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| 17 | 7.1. Түрік халықтарының мәдениеті | | 2 | 2 | - |
| 18 | 7.2. Материалдық мәдениеттің дамуы | | 2 | 2 | - |
| 19 | 7.3. Рухани мәдениеттің дамуы | | 2 | 2 | - |
| 20 | 8. 13-14 ғасырлардағы мәдениеттің дамуы | | 1 | 1 | - |
| | **Пән бойынша барлығы:** | | **39** | **39** | **-** |

## 3.2. Пәннің оқу бағдарламасының мазмұны

**1.Бөлім. 1.1.Мәдениет туралы түсінік.**

Мәдениеттану пәні оның міндеті. Мәдениет – адам әлемі. Қоғамдағы мәдениеттің негізгі қызметі. Мәдениеттің негізгі жүйелері. Материалдық және рухани мәдениет, оның құндылықтар жүйесіндегі орны. Мәдениеттің адамды қалыптастыру қызметі. Мәдениет – күрделі қоғамдық құбылыс. Мәдениет және өркениет ұғымының арақатынасы. Мәдениеттанудағы концепциялар.

1.2. Мәдениет және өнер.

Мәдениеттану ғылым қоғамдық ғылымдар саласы. Ойшылдардың мәдениеттанулық тұжырымдамалары. Мәдениеттер типологиясы туралы қазіргі түсініктер. Өнер туралы түсінік. Өнердің шығу тегі. Сәулет өнері. Кино. Көркемөнер.

**2-Бөлім. Дүниежүзілік мәдениеттер мен өрениеттер.**

2.1. Алғашқы қауым мәдениеті және оның сипаттамалары. Миф – мәдениеттің бір түрі. Алғашқы діндер.

2.2. Ежелгі Шығыс мәдениеті.

Шығыс мәдениетінің қалыптасуы мен ерекшелігі. Ежелгі Қытай өнері. Үнді мәдениетінің негізгі бағыттары. Үнді халқының салт-дәстүрлері.

**3-Бөлім. Қайта өрлеу және Жаңа заман кезіндегі мәдениет.**

3.1. Қайта өрлеу мәдениетінің кезеңдері. Еуропаның реформация дәуіріндегі мәдениеті. Қайта өрлеу дәуірінің өнер туындылары. Ағартушылық дәуіріндегі Еуропа міденеиті. Жаңа дәуір мәдениетінде ғылым мен техниканың дамуы.

**4-Бөлім. Ортағасырлық түрік мәдениеті.**

4.1. Ежелгі түркі мәдениеті мен оның ерекшелігі. Қазақстан террриториясында мекендеген ежелгі тайпалардың өмір сүруі мен оның мәдениеттегі ерекшеліктері. Сақтар, ғұндар т.б.тайпалардың мәдени

ерекшеліктері, тұрмыс-салты және қазақ халқының мәдениетінің дамуына қосқан үлесі.

## 4.Әдебиеттер және оқу құралдардың тізбесі

### 4.1. Негізгі

1. Нағымұлы Ш. Мәдениеттані: А: Фолиант, 2010

2. Журасова А.Ш. Ежелгі Шығыс елдерінің тарихы: БҚМУ, 2012

3. Артемьев А.И., Колчигин С.Ю. , Цепкова И.Б. , Қазақстандағы діндер: Хрестоматия. А: Бастау, 2011

### 4.2 Қосымша

1. Қазақ халқының салт дәстүрлері: А: Көшпенділер 2013

2. Волкова А. В. , Әлемдік тарих: М: Росмэн, 2012

3. Травина И.В. , Әлем ғажайыптары : М: Росмэн 2012

4. Ахмет А. Мұрағат әлемінің тарихы: А: Фолиант, 2015

5. Шегебаев П., Елеманова С. Қазақ музыка әдебиеті: А: Фолиант 2015

6. Тілеубекұлы Т. , Қазақтың ою – өрнектері мен зергерлік бұйымдары: А: Филант, 2012